Қамқоршылық кеңес отырысының
Хаттамасы № 1
Жаңаарқа кенті, Б.Амалбеков атындағы тірек мектебі(РО)

06.01. 2022 ж

**Қатысқндар:**
1.Малайсаринова А.И- төрайымы – Хоум банк,бухгалтер
2. Сұланова А – хатшы, «Жібек жолы » жеке кәсіпкер
3. Аманова Айнұр Куандыовна– мүшесі, Қарағанды облысы Әділет департаменті
4.Омарбаева А – мүшесі, «Атасу » жеке кәсіпкер
5. Мукушев Ғ. О. - мүшесі, ПЧ-28
6.Нүркенов Р. – мүшесі,жееке кәсіпкер
7.Дүйсенбаев Б – мүшесі, «Алия » жеке кәсіпкер
8.Есенбаев Н – мүшесі, «Каз Транс ОЙЛ » қызметкері
9.Қасенбекова Н– мүшесі «Балдырған » балабақшасы тәрбиеші

**Күн тәртібі**
1. 2021 жылдың II жартыжылдық бойынша мектепте әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен оқушылардмен жұмыс және қайырымдылық көмектің жұмсалуы бойынша мектеп директорының есебі. Мектеп директоры С.С.Бибосынов

**Тыңдалды**: Мектеп директоры С.С.Бибосынов

Мектебімізде 2021 – 2022 оқу жылындағы аз қамтылған (әкесі,шешесі жоқ), қамқорлықтағы, көп балалы жанұяларының мектеп жасындағы балалары туралы көрсеткіш, оның ішінде – 3 отбасыдан – 6 оқушы қамқорлықта, өгей әке, өгей анамен тұратын 22 отбасыдан 24 оқушы, неке бұзылған яғни айырылысқан тек анасының тәрбиесінде 41 отбасыдан 54 оқушы, жалғыз басты ана 3 отбасыдан 5 оқушы, тек қана әкесігің тәрбиесінде 2 отбасыдан 4 оқушы, ата – аналарында мүгедектік бар – 10 отбасыдан 13 оқушы, көп балалы 166 отбасыдан 314 оқушы бар, атаулы әлеуметтік көмек алатын (АСП) 15 отбасыдан 33 оқушы, күн көріс деңгейі төмен, кіріс 35081 т төмен 38 отбасыдан 89 оқушы бар.

«Сәтсіз отбасына» 1 отбасы алынды. 2 «г» сыныбының оқушысы Көшетаева Ақеркенің анасы Көшетаева Қарлыға. Алыну себебі: әкесі жоқ анасы ішімдікке салынған. Қазіргі таңда бұл отбасы аудандық ішкі істер бөлімінің бақылауында.Тұрмыстық үй жағдайын тексеру мақсатында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары АманжоловаГ.Ж., мектептің әлеуметтік педагогы Сауытбаева А.С., мектеп психологы Серикбаева А.А., сынып жетекшісі Идрисова А. Үйлеріне рейд жасап, актісін жазды. Оқушының көңіл күйі үнемі бақылауда.

Мектепішілік тіркеуге 7 « в » сыныбының оқушысы Жандәулетұлы Мәрлен алынды.Себебі: мектеп дәретханасының есігін сындырғаны үшін. Мектепішілік қауіп – қатер тобына тәртіптері үшін 8 «а» сыныбының оқушысы Тәңірберген Нұрасыл, 8 «б» сыныбының оқушылары Алпанова Аружан,Сәлкен Ернар және 6 «в» сыныбының оқушысы Әсет Ғалымбек алынды.

Қараусыз, қадағалаусыз және мектепке келмей жүрген балалар анықталған жоқ.

29 қазан «Дүниежүзілік қамқоршылар күні ». Бұл іс-шараның басты мақсаты – жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеп жатқан қамқоршыларды қолдау, өздерінің отбасыларына балаларды алуға тілек білдіретін азаматтардың (қамқоршылық, қорғаншылық, бала асырап алу) санын көбейту. Осы мерекеге орай қамқоршы анамыз , қамқорлығына үш баланы бауырына басқан Абдыкалыкова Нұрбану апаның игілікті ісі , үлкен қамқор жүрегі үшін алғыс білдіруге үйіне оқушылармен барып, сыйлық апарылды. Нұрбану апа қамқорлығында үш бала бар. 8 « а » сынып оқушысы Азамат Әділжан, 5 « г » сынып оқушылары Азамат Саяжан және Абдыкалыкова Жансая. Бүгінгі күнде бұл балалар Нұрбану апаның қамқорлығының арқасында ешкімнен кем болмай қатардан қалмай білім алуда, тәрбиеленуде. Қамқорлықтағы оқушыларды көңіл күйін үнемі бақылауда.

Ата – ана қарауынсыз түнде көшеде жүргені үшін
9 « в » сыныбының оқушысы Абзалұлы Темірхан мектепішілік тіркеуге алынып, оқушыдан және ата – анасынан түсініктеме алынды. Құқық бұзған оқушыларды есепке алып, есепке қойылғандығы туралы ата – аналарына ескертпе хабарламалар жіберілді. Осы оқушылардың та–аналарымен жиналыстар өткізіліп үйлеріне рейд жасалынды. Ұл балалармен өткізілген жиналыстарға аудандық кәмелетке толмаған жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекторлар шақырылып, мектептің ішкі тәртіп ережесі, көше тәртібі, құқықбұзушылық мәселесіне баса назар аударылды.

Мектеп ішінде оқушылардың сабаққа қатысуы туралы күнделікті тексеріліп тұрады.

Облыс әкімінің Жаңа жылдық шыршасына қамқорлықтағы 6 «г » сыныбының оқушысы Диханбай Сәния (планшет пен тәттілер) жіберілді. Аудан әкімінің Жаңа жылдық шыршасына әлеуметтік жағдайларына байланысты 5 оқушы жіберілді. 3«б » сынып оқушысы Әбілқасым Балайым – көп балалы, атаулы әлеуметтік көмек алады ,2 « г» сынып оқушысы Көшетаева Ақерке – аз қамтылған , қамқорлықтағы 5« г » сынып оқушылары Азамат Саяжан, Диханбай Сәния, Абдыкалыкова Жансая. Бұл оқушыларға аудан әкімінен тәтті сыйлықтар мен гидроскутер сыйға берілді. Және де «ҚазТрансОйл » компаниясы 5 оқушыға тәттілер сыйға берді (2

«б»Көшен Бақдәулет, 3 « г» Қырықбай Диар, 4 «б» Мырзахмет Нұрсезім, 4 «б» Есенжол Гауһар, 5 « б » Оразбеков Алихан). Облыс әкім шыршасының сыйлығын: планшет, кітап пен тәтілерді аудандық білім бөлімі қызметкерлері қамқорлықтағы Диханбай Санияға табыстады. Мектептің үздік және белсенді оқушылар қатарынан 5-Б Болат Жібек, 5-А Ақылбек Адиля, 5-В Жаканова Асылжан, 5-В Талғат Азиза, 6-г Самат Оразалы аудан әкімінен жұсақ ойыншықтар мен тәттілер сыйға алды.

Мектептің 7 кабинетінің терезелеріне мектеп мұғалімдері Ахметова Г.Қ., Шалғынбаева А., Омарова А.С. перделер сатып, іліп берді.

**Шешімі:** 2021 жылдың ІІ жартыжылдық бойынша әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен оқушылардмен жұмыс және қайырымдылық көмектің жұмсалуы бойынша мектеп директоры С.С.Бибосыновтың есебі қанағаттанарлық, көрсетілген қамқорлық бақылау, материалдық қолдау жұмыстары әділ, айқын деп танылсын.

Кеңес төрайымы: Малайсаринова А.И
Хатшы: Сұлтанова А
Мүшелері: Аманова А.Қ.- мүшесі
Омарбаева А – мүшесі
Мукушев Ғ. О. -мүшесі
Нүркенов Р. – мүшесі
Дүйсенбаев Б – мүшесі
Есенбаев Н – мүшесі
Қасенбекова Н– мүшесі


2022
USA